

Лебяжі ауылдық округі Аққу ауылының көше атауларын өзгерту туралы

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Лебяжі ауылдық округ әкімінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі N 12 шешімі. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 мамырда N 12-9-111 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару туралы" N 148-П Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес және 2010 жылғы 17 наурыздағы аудандық ономастика мәселесі жөніндегі кеңесінің ұйғарымы мен тұрғындардың өтінішін ескере отырып **ШЕШІМ**
қ а б ы л д а й м ы н :

1. Аққу ауылындағы Мир көшесі Әбілқайыр Баймолдиннің атына өзгертілсін.
2. Аққу ауылындағы Советская көшесі Сембай Қалиевтің атына өзгертілсін.
3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.
4. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Лебяжі ауылдық округінің әкімі *С. Халемов*